



**Қорытынды аттестаттау емтихан материалдары**

**Пән:** Қазақ әдебиеті (оқыту қазақ тілінде)

**Бағыты:** жаңартылған білім мазмұны бойынша жаратылыстану-математикалық

**Білім беру ұйымының атауы:** \_\_\_\_\_

**Сынып:** 11 **Литер:** \_\_\_\_

**Білім алушылардың аты-жөні** \_\_\_\_\_

**1-бөлім**

Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1. **А. Құнанбаевтың «Масғұт» поэмасын композициялық құрылымын сәйкестендіріңіз**

- А** Жаңбыр суын ішіп, ақылынан адасқан жұрттың хан мен уәзірді өлтірмек болуы.
- В** Бағдат шаһарында Масғұттың дәрменсіз шалды қарақшыдан құтқаруы.
- С** Шәмсі-жиһан атанған Масғұттың халифаға уәзір болуы. Қыдыр шалдың аян беруі
- Д** Хан мен уәзірдің амалсыз жаңбыр суын ішіп, көпке қосылуы.
- Е** Қыдыр шал ұсынған үш жемістен Масғұттың қызыл алманы таңдап, бата алуы.

1) оқиғаның басталуы	...
2) оқиғаның байланысуы	...
3) оқиғаның шиеленісуі	...
4) оқиғаның шарықтау шегі	...
5) оқиғаның шешімі	...

[2]

2. **А. Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесінен алынған үзіндіде қандай мәселе көтерілген?**

*«...Ол қыпшақтың еркек баласын жортуылшы топ олжалап әкелгенде қатты тіксінді. Кенжебек теке түрікпенге тұтқынға түскелі қолына құрық ұстатып, жылқы бақтырды. Бала қасындағы үзеңгілес серігі қазақ болып шыққанына әкесін көргендей қуанды. Теке түрікпен бегі Атажан байдың мол жылқысын иен түзде жалғыз бағатын Тасқұл қасына қарындас бауыр келгелі арқаланып, ат үстінде ыңылдап өлең айтады. Екеуі аңдуыл сырт көзден таса тілдеседі».*

- А** әлеуметтік теңсіздік мәселесі
- В** қандастық, бауырластық мәселесі
- С** құлдық сана мәселесі
- Д** жаугершілік мәселесі

**А**  **В**  **С**  **Д**  [1]

3. Ж. Бөдештің «Жалғыз» поэмасының идеясын танытатын дәйексөзді белгілеңіз.

- A «Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені». Абай
- B «Жалғыздың шаңы шықпас, жаяудың үні шықпас». Халық мақалы
- C «Жалғыздықпен өмір сүру және одан рахаттану – ұлы қабілет». Б. Шоу
- D «Қайғыны жалғыз көтеруге болады, бірақ бақытқа екеу керек». Э. Хаббард

A  B  C  D  [1]

4. Ж. Әбдірашевтің «Дала, сенің ұлыңмын» өлеңіндегі дала образын бейнелеуде қолданылған троп түрін көрсетіңіз.

*Тарихыңа, тағдырыңа келгенде*

*Сөз алады тауларың.*

*Қайғырыпсың қара аспанның астында*

*Қара тау боп сен кеше.*

*Шаттандырып, азаттығын, теңдігін,*

*Мақтандырып, қазақтығын, елдігін,*

*Күлімдейсің көк аспанның астында,*

*Көкшетау боп сен бүгін.*

- A синекдоха
- B метафора
- C кейіптеу
- D теңеу

A  B  C  D  [1]

5. С. Балғабаевтың «Тойдан қайтқан қазақтар» шығармасындағы кейіпкерлерді сөздерімен сәйкестендіріңіз.

1) Бұл не, жекеменшігіне сатып алған әкесінің пойызы ма екен? Бұл үкіметтің пойызы!.. Халықтың пойызы!.. Жүр, қане!..	A) Асай Мүсеевич
2) Апырмай, адамды енді өстіп бұзасындар... Бірақ... еңбекті бағалаған да дұрыс! Генерал болмаймын деген солдат – солдат емес... Бәрімізде де үлкен армандар бар!.. Қарап отырсақ... бұл адам өмірі деген пойыз сияқты!.. Айтпақшы, бұл өзі неғылған пойыз?!	B) жолсерік келіншек
3) Қайдан көрсең осы – ылғи сандалбай қазақ! Сыған сияқты қаңғырады да жүреді. Үйлерінде отырмайсындар ма?	C) Мәлис Әлібаевич.
4) Ойбай, бұл біздің пойыз емес екен!.. Біздікі емес екен! Тоқтатындар пойызды!... Тоқтатындар дейім! ...Қап-әй, енді қайттім! Әй, прэбэдник!.. Прэбэдник! Менің айтайын дегенім... Айтайын дегенім – біз басқа пойызға мініп кетіпшіз...	D) саудагер әйел

1) ..... 2) ..... 3) ..... 4) .....

6. **Б. Мұқайдың «Өмірзая» романындағы Аяған Қуатов кім?**

- A жоғары мансапты партия қызметкерінің туысы
- B мансапқор, жандайшап, опасыз, ұлтшыл заманның құлы
- C туған халқын сүйетін, намысты, жігерлі, зерделі тарихшы
- D ескінің сарқыты, тарихшы профессор, атағы алашқа белгілі

A  B  C  D  [1]

7. **О. Бөкейдің «Атау кере» повесіндегі қай кейіпкер мифтік бейнеге жатады?**

- A Ерік
- B Айна
- C Таған
- D Нүрке

A  B  C  D  [1]

8. **«Бесеудің хаты» пьесасына қандай тарихи оқиға арқау болған?**

- A 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін
- B 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс
- C Қазақ хандығының құрылуы
- D 1932 жылғы ашаршылық

A  B  C  D  [1]

9. **«Абай жолы» романынан алынған үзіндідегі: «Қарағым, әжең марқұм сені жалғызым деуші еді. Сен оған бір төбе едің. Есіңде бар ма, сырқаттанып жатқан шағыңда бір тілек айтып еді. Осы қарағыма өзгелердің тас бауыр мінезін бере көрме деген еді», - деген Ұлжанның сөзінен қандай астарлы ойды байқауға болады?**

- A Ананың тілегі жолыңды ашатын қасиетті сөз екенін есте сақта.
- B Айналаңа кіршіксіз сәби сезіммен, күнәсіз бала көзіңмен қара.
- C Әділет пен мейірбандық – адамгершіліктің шыңы деп біл.
- D Өнер-білім – рухани кемелдену кілті екенін ұмытпа.

A  B  C  D  [1]

10. «Абай жолы» шығармасында «*Мен көк ит болсам, сендер көп итсің! Жабыларсың, таларсың да жерсің!?*» деген кімнің сөзі?

A Құнанбайдың

B Қодардың

C Бөжейдің

D Абайдың

A  B  C  D  [1]

[Барлығы: 12]

## 2-бөлім

**1-тапсырма:** Төменде берілген екі шығарма үзінділерінің біреуін таңдап, әдеби-теориялық талдау жасаңыз. Талдау үшін берілген сұрақты негізге алыңыз.

Үзіндінің идеясын ашуда қолданылған көркемдегіш құралдардың рөлі қандай?

[14]

### 1-үзінді

#### Оралхан Бөкейдің «Атау кере» романынан үзінді

Араның осы бір бұл елде жоқ түрін алғаш рет вертолетші жігіттен естігенде, Ерік жанын қоярға жер таппай аса қызыққан және «не алсаң да маған тауып бер» деп, ұшқыш жолдасына қолқа салған. «Наука и жизнь» журналынан «Қауіпті гибрид» деген мақаланы оқып шыққан соң, аңсары одан ары ауып, қалай да қолға түсірудің жолын іздеді. Буданнан пайда болған африкаландырылған араның сыртқы пішінінде пәлендей айырмашылық болмағанымен, еңбекқор және қауіп төнсе, тобымен шабуыл жасайтын өте агрессивті болып қалыптасқан. «Жауыз ара» атануы да содан.

Міне, осы «жауыз араны» шет елге ұшатын самолетте істейтін әріптестері арқылы жең ұшынан жалғасып әкеліп бергенде, Ерік бөркін аспанға атып, вертолетші Прохор Александровичтің бетінің сау-тамтығын қалдырмай сүйіп еді-ау.

...Содан не керек, бұл табиғаттың құдіретіне дауа бар ма, адамзат түсінбейтін тілмен түсініскен жәндік-жендеттер жалғыз-ақ секундта Нюра Фадеевнаға қарай «уралай» қаптап лап берген.. Ал «жауыздар» болса Алтайдың бұршағындай көшіп, түйілген қалпы қапысыз кемпірдің шат-шәлекетін шығарды. Келесі күні түске таман Нюра Фадеевнаның сүйегін Қатын өзенінің жағасына жерлейтін болды.

...Ерінің ертелетіп аттанғанын көрген. Тәуекелге бел байлап үйден шыққан. Омартаға барды. Оқыс түскен суық аралардың да зәресін алғандай... Америкадан келген будандардың ұясын іздеп тауып, ара кіріп-шығар танадай тесігін шүберекпен мықтап бекітті. Құшақтай ырғап орнынан көтеріп алған күйі, өзен жағасына апарды. Екіншісін де жеткізді. Үйден шелекке құйып керосин әкеліп, аямай лақылдатып төкті ағаш жәшіктерге. Бұдан соң шырпы тұтатып от қойды. Лап еткен жалыннан жасқана шегініп, «жауыз араның» жанғанына рақаттана қарады-ай... Сөйтіп, енесінің қазасына себепкер болған капиталист шыбынды шырқырата құртқан еді... Амал не, Алтайдың ана аралары олармен әлдеқашан шағылысып, «жауыздардың» ұрпағы анау қаптаған ұяның әрқайсысында қыбырлап жатқанын сезген жоқ еді... Амал не... білген жоқ еді...

### 2-үзінді

#### Ерболат Әбікеннің «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесінен үзінді

Бұл күндері ел ауылдан туысым келетін болды деп қуанса, мен туысым келетін болды деп қорқатын болдым. Әуел десеңіз, дәл мынандай кезде әкем мен шешемнің келуін де қаламайтын едім. Бұл менің жалғыз қорқынышым. Қайнағам келсе қайттым, ойбай, ұят болды-ау! Қайсы төсекке жатқызам деп сары уайымға салындым. Бір күні кеште ойламаған жерден жаңбырлатып жетіп келмесі бар ма? Лашығымызды көріп шошып кетті. Есіктен төрге дейін көзі шарасынан шыға жаздап үрейлене көз жүгірітті. Шай ішіп отырмыз, шабаданның мен қозғаған кездегі қаудырлаған дыбысынан басқа тырс еткен дыбыс шықпайды.

— Шәй ішіңіз, аға, – деймін қайнағама жапақтап, іштей шәйді аз ішсе екен деп тілеймін, түзге шығу бұл үйде қиямет екенін қайнағам байқұс қайдан білсін!




A series of 25 horizontal dashed lines spanning the width of the page, intended for writing or drawing.









[14]

[Барлығы: 28]